

**"Қазалы ауданының Құрмет грамотасымен наградтау туралы ережесін бекіту туралы"
Қазалы аудандық мәслихатының 2015 жылғы 23 қыркүйектегі №349 шешіміне
өзгерістер енгізу туралы**

Қызылорда облысы Қазалы аудандық мәслихатының 2025 жылғы 26 ақпандағы № 381 шешімі. Қызылорда облысының Әділет департаментінде 2025 жылғы 28 ақпанда № 8587-11 болып тіркелді

Қазалы аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. "Қазалы ауданының Құрмет грамотасымен наградтау туралы ережесін бекіту туралы" Қазалы аудандық мәслихатының 2015 жылғы 23 қыркүйектегі №349 шешіміне (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №5190 болып тіркелген) келесі өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген шешіммен бекітілген Қазалы ауданының Құрмет грамотасымен наградтау туралы ережесінің 9, 15-тармақтары жаңа редакцияда жазылсын:

"9. Комиссия отырысы айына 2 рет өткізіледі және аудан әкімінің, мәслихат төрағасының атына наградтау жөнінде ұсыныстар наградтау күніне дейін 10 күн бұрын қабылданады.";

"15. Комиссияның оң қорытындысына сәйкес аудан әкімі мен аудандық мәслихат төрағасының (немесе олардың міндеттерін атқарушының) бірлескен өкімін шығару арқылы Құрмет грамотасымен наградтау туралы шешім қабылданады.

Шұғыл жағдайларда аудан әкімі мен аудандық мәслихат төрағасы Құрмет грамотасымен наградтау туралы шешімді Комиссияның тиісті қорытындысыз да қабылдай алады.

Құрмет грамотасын тапсыру салтанатты түрде жүргізіледі. Құрмет грамотасын аудан әкімі немесе аудандық мәслихат төрағасы немесе олардың тапсырысы бойынша өзге тұлға тапсырады.

Құрмет грамотасымен наградтау мәселелері бойынша құжаттама жүргізуді және есепке алуды "Қазалы ауданы әкімінің аппараты" коммуналдық мемлекеттік мекемесі жүзеге асырады."

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазалы аудандық мәслихатының төрағасы

Ғ. ӘЛІШ